

Саран қаласының әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарына тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласы мәслихатының 16 сессиясының 2009 жылғы 23 шілдедегі N 282 шешімі. Қарағанды облысы Саран қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 01 қыркүйекте N 8-7-89 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 27 сессиясының 2010 жылғы 1 шілдедегі N 433 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 27 сессиясының 2010.07.01 N 433 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 512 қаулысына сәйкес, Саран қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Саран қаласының әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарына тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қабылдануына байланысты, Саран қалалық мәслихатының төмендегі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекіту туралы" N 517 шешімі, (нормативтік құқықтық актілер Реестрінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 8–7-36, "Ваша газета" газетінде 2007 жылы 10 ақпанда N 6 жарияланған);

2) Саран қалалық мәслихатының 2007 жылғы 4 қыркүйектегі 1 сессиясының " Саран қалалық мәслихатының 2006 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының " Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация

желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидасын бекіту туралы" N 517 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" N 27 шешімі (нормативтік құқықтық актілер Реестрінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 8-7-49, "Ваша газета" газетінде 2007 жылы 6 қазанда N 40 жарияланған);

3) Саран қалалық мәслихатының 2007 жылғы 22 қазандағы 2 сессиясының " Саран қалалық мәслихатының 2006 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының " Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидасын бекіту туралы" N 517 шешіміне өзгертулер енгізу туралы" N 36 шешімі (нормативтік құқықтық актілер Реестрінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 8-7-51, "Ваша газета" газетінде 2007 жыл 1 желтоқсан N 48 жарияланған).

4) Саран қалалық мәслихатының 2008 жылғы 9 қазандағы 8 сессиясының " Саран қалалық мәслихатының 2006 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының " Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидасын бекіту туралы" N 517 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" N 162 шешімі (нормативтік құқықтық актілер Реестрінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 8-7-70, "Ваша газета" газетінде 2008 жыл 1 қараша N 44 жарияланған).

3. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркеуден өткеннен соң, он күннен кейін, қалалық "Ваша газета" газетінде ресми жарияланғаннан кейін күшіне енеді.

Сессия төрағасы

В. Закамолкин

Мәслихат хатшысы

Р. Бекбанов

Саран қалалық мәслихатының
2009 жылғы 23 шілдедегі
16 сессиясының N 282 шешімімен
бекітілген

Саран қаласының әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарына тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қағидалары

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 512 қаулысына сәйкес әзірленген.

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй жәрдемақысы - тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметті тұтыну, төлем шығындарын қайтару үшін, сондай-ақ қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылулары бойынша тұрғындардың әлеуметтік қорғалатын азаматтарға берілетін өтемақы.

2. Тұрғын үй жәрдемақысы тұрғылықты мекен-жайда тұрақты тұратын адамдарға мынандай жағдайда, егер тұрғын үйді күтіп ұстау мен коммуналдық қызметті тұтыну төлеміне шыққан шығын тұрғын үй алаңының мөлшері шегінде болса, нақты тұратын жалпы алаң көлемінен жоғары болмай және осы мақсатқа жіберілетін шығындар шегіндегі үлестен артпайтын отбасы бюджетінің коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстауға, сонымен қатар қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына шыққан шығындар мөлшерлері болса ғана беріледі. Тұрғын үйді күтіп ұстауға және тұтынған коммуналдық қызметтер төлеміне шыққан шығындар шегіндегі үлесі 10% мөлшерінде отбасының жиынтық табысымен белгіленеді.

3. Осы Ережелерде келесі түсініктер қолданылады:

1) өтініш беруші (жеке тұлға) – тұлға, өз атынан немесе отбасы мүшелерінің атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға қатынасқан (әрі қарай өтініш билдіруші);

2) бірлесіп тұрып жатқан және бір мекен-жайда тіркелген некелестік, туыстық, асырап алушылық немесе басқа нысандағы балаларды тәрбиесіне қабылдаған, мүліктік немесе жеке мүліктік емес ережелер және міндеттер арқылы байланыстағы отбасылар – тұлғалар шеңбері (немесе жалғыз тұрып жатқан тұлға);

3) жиынтық табыс – отбасымен алынған, ақшалай да, натуралды нысандағы жалпы табыс соммасы;

4) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау бойынша өкілеттік орган – қаланың жергілікті орындаушы органы (бұдан әрі - өкілетті орган).

2. Көрсетілетін тұрғын үй жәрдемақысының мөлшерін анықтау

4. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органдарымен келесі мөлшерде беріледі:

1) өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй нормаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр бір мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедек азаматтар үшін - 40 шаршы метр, басқа санаттар үшін көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғыз басты азаматтарға -30 шаршы метр;

2) бір адамның газды тұтыну нормасы, орталықтан берілетін ыстық су болса да, болмаса да – 10 килограмм;

3) қатты отынды тұтыну: 1 шаршы метр алаңды жылытуға бір жылды есепке алғанда – 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 346 килограмм, 3-4 қабатта салынған үйлер үшін 225 килограмм, 5 қабатты салынған үйлерге 134 килограмм (жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде);

Тұрғын үй жәрдемақысын есептегенде, статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы Саран қаласында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

4) айғақтық шығын бойынша отбасына электр қуатын - 150 киловаттан артық емес мөлшерде тұтыну;

5) суық суды, канализацияны, ыстық суды, қоқыс төккішті, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары қандай да заңды басқару формасында болса да тарифті бекітетін органмен белгіленеді.

5. Тұрғын үй төлемі мен коммуналдық қызметке белгіленген мөлшерден жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі.

6. Телекоммуникациялық қызметтер көрсетілгені үшін төленетін абоненттік төлем тарифтері соммасының көтерілуі, Қазақстан Республикасы Үкіметі орнатқан тәртіпте, өтемақыға жатқызылады.

3. Тұрғын үй жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі

7. Тұрғын үй жәрдемақылары өкілетті органмен, жеке тұлғаларға тіркелген жері бойынша тағайындалады.

8. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтарын жоғалтады.

Жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша коммуналдық қызметтер төлеміне материалдық көмек алатын тұлғалар тұрғын үй көмегін алуға немесе таңдауға, немесе жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша көмек алуға

қ ұ қ ы қ т ы .

9. Егер де күтімді қажет етеді деп танылған он сегіз жастан асқан азаматтарға және мүгедектерге күтім жасайтын, үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу (бір немесе бірнешеу) және сондай-ақ төрт және одан да көп баланы - бірінші сыныпты ең кіші баланың аяқтауына дейін (бірақ 9 жастан жоғары емес) тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда отбасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар тұрса, еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздығы жөнінде тіркелмеген адамдардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға қ ұ қ ы қ т а р ы жо қ .

10. Дау-жанжал туған кезде немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй жәрдемақысы туралы мәселені шешу үшін уәкілетті орган жанындағы арнайы комиссияның қарауына енгізіледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқығы бар.

11. Тұрғын үй жәрдемақысы қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз беріледі. Қолма-қол ақысыз төлемнің үлгісі – бұл тұрғын үй жәрдемақысының тең соммасына тұрғын үй және коммуналдық қызметтерді ұстауға төлемді азайтады. Тұрғын үй жәрдемақысының соммасы коммуналдық қызметтерді жеткізушіге а у д а р ы л а д ы .

Қолма-қол үлгісі ақшалай төлем түрінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы бар, екінші кезеңдегі банктер мен ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Берілген операция түрі азаматтардың салымы бойынша есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

12. Тұрғын үй жәрдемақылары төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Тұрғын үй жәрдемақыларды беру мерзімдері

13. Тұрғын үй жәрдемақылары тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы, коммуналдық шығындар мен берілген үйде тұрушылардың отбасы құрамы жайлы мәліметтерді бере отырып, өтініш берілген айдан бастап барлық қажетті құжаттармен бір жылға тағайындалады.

Тұрғын үй жәрдемақысын алушылардың қайта тіркелуі құжаттарды алғаш рет тапсырған рәсіміне сәйкес болады.

Тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынған отбасылар құжаттарды нақты тапсырған күннен бастап емес, тұрғын үй жәрдемақысын бір тоқсанға алады.

Ағымдағы тоқсан бойы отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынбаған отбасылар, себебіне қарамай, тұрғын үй жәрдемақыларды есептеу

құжаттар ұсынылған айдан бастап жүргізіледі.

14. Тұрғын үй жәрдемақсын алушылар он бес күннің ішінде тұрғын үй жәрдемақсын алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін қандайда жағдайлар жөнінде, өз үйінің жекеменшік нысанының өзгеруі, отбасы құрамы және жиынтық табысы туралы уәкілетті органдарға хабарлауы керек.

Өтем жоғары немесе төмен тағайындалуына әкелген, дұрыс емес ақпарат ұсынған отбасы(тұлға) бір жыл бойы жәрдемақы алу құқығынан айрылады, ал тұрғын үй жәрдемақысы түрінде алынған сома заңнамада белгіленген тәртіппен қ а й т а р у ғ а ж а т а д ы .

15. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған жәрдемақылар тиісті өзгерістер болған айда өкілетті органға мәлімет берген уақыттан бастап қайта тағайындалады.

16. Жәрдемақыға құқылыларды анықтау кезде басқа қалаларда уақытша тұратыны тиісті құжаттармен дәлелденген адамдар (оқушылар, студенттер) есепке алынбайды.

5. Тұрғын үй жәрдемақыларын өтіну және есептеу тәртібі

17. Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе Халыққа қызмет көрсету орталығына келесі құ ж а т т а р м е н ө т і н е д і :

- 1) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің лицензиясы бар, екінші деңгейлі банктер мен ұйымдарда ашылған жеке есеп шоты, (көшірмесі);
- 4) салықтық тіркеу нөмірі (көшірмесі);
- 5) отбасы мүшелерінің қызмет түрі жөнінде мәлімет (еңбек кітапшасының көшірмесі (бұрынғы жұмыс орны туралы мәлімет), еңбек шартының көшірмесі, өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің табыстары жайлы анықтама, оқу орнынан анықтама және басқалар);
- 6) жұмыссыздар тұрғылықты жер бойынша жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның анықтамасын тапсырады;
- 7) дәрігерлік - әлеуметтік сараптама қорытындысы;
- 8) отбасы құрамын (азаматтарды тіркеу кітабы) және тіркеуін, мекен жайын р а с т а й т ы н құ ж а т ;
- 9) тұрғын үйге құқығын анықтайтын құжаттардың көшірмесі (ордер, тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт, сату-сатып алу шарты, сыйға беру шарты, мұрагерлік құқығы туралы куәлік, жалдау (жалға алу) шарты, пәтердің меншік

құқығын тану жөніндегі сот шешімі, тіркеулік куәлігі, пәтердің техникалық т ө л қ ұ ж а т ы ж әне б а с қ а л а р) ;

10) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжат (неке туралы немесе некені бұзу туралы, өлгені туралы куәлік, N 4 нысандағы азаматтық жағдайы жазбасынан анықтама, жалғызбасты 65 жастан асқан адамдарды қ о с п а ғ а н д а) ;

11) тұрғын үйді ұстау бойынша, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация қызметтерінің түбіртектері немесе шарты, архитектура бөлімінен орталықтандырылған жылудың жоқтығы мен пешпен жылынатын үйге б е р і л г е н а н ы қ т а м а ;

12) тіркелген жылжымайтын мүліктерге құқының жоқтығы жайлы (арнайы комиссия шешімі бойынша, қажеттілігі жағдайында) анықтама;

Құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесі салыстырып тексеру үшін тапсырылады , одан соң түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

Құжатты қабылдаған тұлға, құжаттарды қабылдағаны туралы талон береді.

18. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.

19. Тапсырылған құжаттарды қарау нәтижесінде өкілетті органмен ай сайын тұрғын үй жәрдемақысын, өтініш берушіге өтіну шаралары бойынша беруге е с е п т е у л е р жү р г і з і л е д і .

20. Ақпараттың дұрыстығына күмән туындаған жағдайда, уәкілетті орган сұрау салуға құқықты, ал заңды және жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткердің кірістері туралы мәлімет беруі қажет.

Ескерту. 20 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Саран қаласы мәслихатының 2009.11.20 N 342 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қ а р а ң ы з) .

21. Жәрдемақы мөлшері тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметті пайдалануға тұрғын үй жәрдемақысын алушының қалалық телекоммуникация желісінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына төлем мен тұрғын үй жәрдемақы алуға үміткер отбасылардың шығындар деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі.

Қызмет көрсетушілер тұрғын үй жәрдемақысын есептегенде коммуналдық қызметтерге белгіленген төлемдерді, тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау мерзіміне анықтама немесе электронды түрде ұсынады.

6. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындаудағы жиынтық табысты есептеу

22. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган е с е п т е й д і .

23. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген барлық мүшелері, тоқсанына, кейінгі тоқсандағы алдындағы тоқсандағы тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдіргендер ескеріледі.

24. Отбасының жиынтық табысын есептегенде, құрамында өзгерістер болған отбасының, келген отбасы мүшесінің табысы тоқсанына, келесі тоқсаннан бастап есептеледі. Отбасы мүшесінің кеткен жағдайында, отбасының жиынтық табысы кеткендер табысының есебінсіз, кеткен немесе өлгеннен кейінгі айдан бастап е с е п т е л е д і .

25. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген тоқсанның Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

26. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық т а б ы с ы н а е с е п т е л е д і .

27. Бір тоқсанан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар және т.б. бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық соммасы тоқсанына, алдындағы тоқсандағы тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға е с е п т е л е д і .

28. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

29. Орташа жан басына шаққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу жолымен белгіленеді.

7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері

30. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың мынадан басқа барлық түрлері тоқсанына, алдындағы тоқсандағы тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға есепке алынады:

Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй жәрдемақысы;
- 3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек;
- 6) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент;
- 7) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу;
- 8) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;
- 9) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: дәрілік препараттар, санаторийлік-курорттық емдеу, протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу), жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары, білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері.
- 11) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;
- 12) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.
- 13) мемлекеттік бюджет есебінен көрсетілетін, қала ішіндегі көліктерде жүріп-тұруға, мүгедектерге мамандандырылған көлік арқылы көліктік қызмет көрсету материалдық (әлеуметтік) көмектері;
- 14) мемлекетпен мерекелік күндерде көрсетілетін, материалдық және заттай көмектері;
- 15) жергілікті бюджет есебінен, көмек алушының жазбаша өтініші бойынша көрсетілетін, бір жолғы төлемдер мен материалдық көмектер;
- 16) жинақтаушы зейнетақы қорынан алынатын төлемдер.
- 17) бағаның өсуіне байланысты әлеуметтік көмек.

31. Балаларға және басқа асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыс құрамында есепке алынады:

1) тұрғын үй жәрдемақысы, ата – анасының арасындағы некені бұзу барысында, екеуінің бірі балаларға алимент төлейтін жағдайда ғана тағайындалады. Алимент алудан бас тартқан жағдайда, отбасы жәрдемақы алу құқынан айырылады.

Алимент бойынша қарыздары болған жағдайда, жиынтық табыс сот орындаушының алименттік қарызды анықтау туралы қаулысын ұсыну арқылы, алимент есебінсіз есептеледі;

2) алимент төлеушінің жалақысынан қайта есептеуіне байланысты алынған, алимент, сондай-ақ алименттің қосымша соммалары, оларды алу мерзімі бойынша жиынтық табыста есептеледі;

3) асыранушыларға алимент төлеуге міндетті тұлғаның мекен-жайын білмегендіктен, тұлғалардың алимент өндіруге мүмкіндігі болмаған жағдайда, берілген тұлғаға іздеу салу туралы сәйкесінше органның құжаттары бойынша отбасының жиынтық табысы есептеледі;

4) егер ерлі-зайыптылар арасындағы неке бұзылмаған болса, бірақ ерлі-зайыптылардың бірінен алимент өндірілетін болса, берілген ерлі-зайыптылардың отбасымен бірге тұрып жатқан болса, оның табыстары жиынтық табысқа барынша есептеледі. Ерлі-зайыптылардың жеке-жеке тұрып жатқан жағдайында, алимент отбасының жиынтық табысына есептеледі;

5) егер, төлеуші жұмыс істемесе және жұмыссыз ретінде өкілетті органда тіркеуде тұрса, бас бостандығынан айыру орындарында, немесе уақытша ұстау изоляторында, туберкулездік емдеудің стационарында немесе емханасында болса, психоневрологиялық диспансерлерде, емдеу-профилактикалық мекемеде, Қазақстан Республикасының сәйкесінше келісімі жоқ мемлекетке тұрақты мекен етуге кетсе немесе іздеу салынуда болса, сәйкесінше органдардың растаушы құжаттары негізінде отбасының жиынтық табысы алименттің есебінсіз е с е п т е л е д і ;

Балаларға және басқа асыранушыларға алынған алименттер, алиментті санау туралы ұйымдардың анықтамасымен, немесе алынған алиментті аудару туралы пошталық түбіртектермен, сондай-ақ алынған алименттер жайлы сот органдарының шешімі негізінде расталады.

32. Жиынтық табысты есептеу кезінде, еңбекақы түрінде алынған табыстар е с е п к е а л ы н а д ы :

1) жұмыс берушінің есептеген барлық суммалары;

2) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, атап айтқанда: жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан жалақысы сақталады), негізгі жұмыс орнында да, қосымша жұмыс орнында да;

3) демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

4) ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

5) уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі ж а л а қ ы ;

6) Маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді;

7) сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы;

8) жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін (оқу демалысын төлеу, авторлық қаламақы, ашылғаны үшін сыйақы, ойлап шығару мен рационализациялық ұсыныстар) басқа да төлем түрлері;

9) мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі;

10) салық комитетінде тіркеуде тұрған, өздігінен жұмыспен қамтылған тұлғалардың табыстары салық комитетінің растау анықтамасы арқылы жиынтық т а б ы с т а е с е п т е л е д і ;

11) арнайы салықтық тәртіп шарттарында кәсіпкерлік қызметтермен айналысушы тұлғалардың табыстары, біржолғы талон, патент, ықшамдалған декларация арқылы расталады;

12) азаматтық-құқықтық келісім шарттар (мердігерлік) бойынша жұмыс атқарушы тұлғалардың табыстары, келісім шарттың барлық әрекет ету кезеңіне соммаланады, алынған табыс келісім шартта жұмысты орындау үшін қарастырылған айлар санына бөлінеді де, тоқсанына, кейінгі тоқсанға тұрғын үй жәрдемақысына өтіну, тоқсанына келетін айларға жиынтық табыс есептеледі.

13) жиынтық табыс құрамына бір жолғы төлемдер мен жұмыс берушінің заңдар жинағына сәйкес, жұмыскерлердің еңбектік және қызметтік міндеттерін орындау барысында өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыруға төленетін, ай сайынғы соммалары қосылады.

Табыстар, олардың көлемі жайлы анықтамалармен расталады.

33. Отбасының жиынтық табысын есептеу барысында, зейнетақы, стипендиялар, жәрдемақылар мен басқа әлеуметтік төлемдер түріндегі табыстар е с е п т е л е д і :

1) Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;

2) мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

3) арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;
4) жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

5) мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

6) уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша (сонымен қатар - бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне) берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

7) аяғы ауырлық пен босану бойынша берілетін жәрдемақылар;

8) үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларға жәрдемақылар;

9) жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;

10) 1, 2-топтағы жалғыздікті, басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстеме ақылар;

11) қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия. Орташа білім алу жүйесінде оқитын студенттерге, сондай-ақ күндізгі бөлімдегі ақылы оқу нысанындағы стипендиясыз жоғарғы және арнайы орташа білім алу, жиынтық табысқа, студенттің өз еркінен өтініш білдіруінде табыс есептеледі;

12) жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;

13) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

Әлеуметтік төлемдер ретінде алынған табыстар, олардың көлемі жайлы анықтамалармен расталады.

34. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыс.

1) Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден), дачалық танаптар табысынан басқа, түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады.

2) Жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің, қосалқы шаруашылығының болуы және мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде әрбір отбасы бойынша есептеледі.

3) Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы ережеге 1, 2, 3 қосымшалардың негізінде есептейді.

4) Жеке қосалқы шаруашылықтың табысын есептегенде Саран қаласы табиғи жағдайы бойынша құрғақ дала зонасына жататынын ескеру керек.

5) Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады.

6) Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 кг өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады (осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес) және шығыстардың орташа деңгейі шегеріледі.

7) отбасының жиынтық табысын есептеуде, жеке қосалқы шаруашылықтың тоқсанына алынған табысы есептеледі. Отбасының жеке қосалқы шаруашылықтан тоқсанына алынған табысы, жеке қосалқы шаруашылықтың жылдық табысын төрт тоқсанға бөлу жолымен анықталады;

8) Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне Қарағанды облысында қалыптасқан, облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады.

9) Малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.

10) Жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады.

11) өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою және т.б.) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қосылады.

12) жеке қосалқы шаруашылықтың жеке нормативтік шығындарды есептеу кәртішкесі, отбасының жиынтық табысына есептелуі үшін, өтініш берушінің ө з і м е н т о л т ы р ы л а д ы .

35. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс е с е п к е а л ы н а д ы :

1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден. жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден ресми расталмаған табыстар бір айлық минималдық жалақыдан кем емес көлемде есептеледі;

2) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан түскен табыс, бір жолғы алған уақыты бойынша жалпы жиынтық табысқа қосылады;

3) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған мүліктер;

4) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;

5) бағалы қағаздардан (дивидендтер);

6) шетелдік валютаны өткізуден;

7) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;

8) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);

9) ақшалай аударымдар;

10) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.

11) Басқа жылжымайтын мүлік (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған жылжымайтын мүлік (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Көрсетілген табыстар алынған уақыты бойынша есептеледі және жазбаша өтінішпен расталады.

Саран қаласының әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарына тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қағидаларына N 1 қосымша

Қуаң дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, кг	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа еңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ.х 4-бағ.)	1 сотка жер түскен табыс шығыс (-), теңге (-бағ - 3-ағ.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	20	268			

Арпа	25	188			
Қарамық	5	150			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	15	91			
Бір жылдық шөптер	10	83			
Картоп	70	1164			
Көкөністер	80	1245			
Бақшалар	115	518			
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	30	583			
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, кара өрік және басқалары)	22	514			
Жидек дақылдары	23	819			
Жүзім	22	595			

С а р а н қ а л а с ы н ы ң ә л е у м е т т і к
тұрғыдан қорғалатын азаматтарына
тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық
қызмет көрсету үшін тұрғын
үй жәрдемақыларын беру және
телекоммуникация қызметтерін
көрсеткені үшін абоненттік төлемақы
тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу
Қ а ғ и д а л а р ы н а
N 2 қосымша

Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алатын орташа өнімділік кг (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің, (1 л, 10 дана жұмыртқаның) орташа бағасы, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің орташа бағасы теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 бастан түтабыс (+ шығыс (-), т (5-бағ - 3-ағ.
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі кара мал (сүт)	1900	21034			
Етті ірі кара мал (сиыр еті)	179	16435			
Шошқалар (шошқа еті)	110	9107			
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,5	3042			
Жылқы (жылқы еті)	124	7446			
Түйе (түйе еті)	126	2979			

Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)	200 жұмыртқа	728			
Етті құс (құс еті)	2,5	489			

Саран қаласының әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарына тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қағидаларына
N 3 қосымша

Азық-түліктік пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен тәлінің және құстардың жасы
Ірі кара мал	ай	25
Қойлар мен ешкілер	ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

Саран қаласының әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарына тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қағидаларына
N 4 қосымша

Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің тұрпатты жеке нормативтік карточкасы

Өтініш берушінің аты, жөні, тегі. Үйінің мекен-жайы

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	Жер, сотка, мал басы, саны	Жылына түсетін табыс нормативі, теңге	Жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	Бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс	x	x		x

Жиыны: бір тоқсандағы табыс

x

x

x

2009 ___ ж. " ___ " _____

(өтініш берушінің қолы)

(есепті жасаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК